

"Кейбір халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 519-IV Заңы

1-бап. «Кейбір халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарын бекіту туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 103-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) тақырыбындағы «бекіту» деген сөз «ратификациялау» деген сөзбен және мәтіндегі «бекітілсін» деген сөз тиісінше «ратификациялансын» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) «Бреттон-Вудсте» деген сөздер «1-бап. Бреттон-Вудсте» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 2-баппен толықтырылсын:

«2-бап. Осы Заң 2001 жылғы 6 желтоқсанның бастап қолданысқа енгізіледі.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. НАЗАРБАЕВ*